



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

взаимоувязаны вопросы ликвидации очагов преступности, профилактическая работа, особенно с молодежью.

В начале 90-х годов А. И. Гуров отмечал, что в целом же борьба с организованной преступностью и коррупцией только разворачивается, и у этого процесса много заслонов на пути. Но от того, как она пойдет, как к этому отнесется система власти и управления, зависит не просто проблема безопасности общества, а его выживание в этих сложных социальных условиях. В настоящее время организованная преступность и коррупция не знают национальных границ, приобрели новое качество, транснациональный характер. В начале XXI века от разработки и реализации действенного механизма борьбы с транснациональной организованной преступностью и коррупцией зависит национальная безопасность и существование государств и человечества в целом.

Таким образом, перед государствами единого евразийского пространства в борьбе с транснациональной организованной преступностью и коррупцией следует выделить следующие задачи. Во-первых, необходимость разработки и принятия специализированного законодательства о борьбе с организованной преступностью, соответственно и с транснациональной организованной преступностью. Во-вторых, рассмотрение вопроса о разработке проекта концепции противодействия коррупции на государственном уровне, в соответствии с положениями Конвенции ООН против коррупции и учета развития коррупции в современных условиях. Необходимо познание реального состояния коррупции. Оно возможно только при применении безупречной методологии исследований. В-третьих, рассмотрение вопроса о введении уголовной ответственности за незаконное обогащение с учетом ст. 20 Конвенции ООН 2003 года против коррупции [8]. В-четвертых, рассмотреть вопрос о разработке комплекса мер экономического характера, в том числе обсуждения на межгосударственном уровне введения криминологической экспертизы законопроектов. В-пятых, в государствах евразийского пространства необходимо рассмотреть возможность регламентации систем мер уголовно- правового характера для юридических лиц [9].

Список литературных источников

7. Информационно-аналитический журнал «Правовая реформа в Казахстане»: № 2(58) 2012 г.
2. Садовская Е. Ю. Миграция в Казахстане на рубеже 21 века: основные тенденции и перспективы. Миграция в Казахстане: настоящее и будущее. Алматы, 2000 год.
3. А.Н.Зелинская Монография «Международные преступления и международная преступность», Одеса 2006 г.
4. Специализированный ежемесячный журнал «Юрист»: №9 (2014) г.
5. Республиканский общественно-политический журнал «Мысль»: №12, 2013 год.
6. Сборник методических материалов – «Роль традиционных религий в противодействии экстремизму и терроризму», Алматы 2011 год.
7. Республиканский юридический научно-практический журнал «Фемида»: № 3(195) 2012 г.
8. Конвенции ООН против коррупции от 31 октября 2003 г.
9. Лопашенко Н. А. «Уголовная политика»-Москва 2009 год.

ӘОЖ 343.3/.7

ЛАҢКЕСТІКТІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Сағындық Айгерім Еркінқызы
erkinovna88@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің
заң факультетінің 1 курс магистранты

Терроризм адамдар үшін мәселелерді шешу құралына айналып барады. Оның ұлттық шекаралардан шығып, халықаралық сипатқа ие болуы әлем халқына, мемлекетаралық бейбітшілік пен ынтымақтастыққа деген қауіпін күшейте түсті, сондықтан бұл мәселе жан-жақты және объективті зерттеуді қажет етеді.

Психологиялық тұрғыдан террор үрейді және қорқынышты тудырады. Қорқыныш – максималды дәрежедегі бастан өткізілетін үрей. Қорқыныш эмоциясы үрейден күштірек болады. Үрей бұл тұлғаның биологиялық және әлеуметтік өмір сүруіне қауіп төндіргенде пайда болатын эмоция. Адам үрейді әр түрлі жағдайда өз басынан кешіруі мүмкін. Үрей адамның тыныштығына немесе қауіпсіздігіне қауіп төндіргенде пайда болады. Сонымен террор психологиялық тұрғыдан қарағанда, белгілі-бір іс-әрекеттің (теракт) нәтижесінде пайда болатын үрей немесе қорқыныш болып табылады. Террорлық актының мақсаты қоғамды дүр сілкіндіру және эмоциясын туғызу, яғни халық санасында сенімсіздік тудыру. Бұл халықтың құқық қорғау органдарына және билік органдарына деген сенімсіздігі арқылы білінеді.

Лаңкестіктің психологиялық түсінігі – бұл өзінің идеологиялық негізі бар және өзінің қажеттіліктері мен мүдделерін террор арқылы жүзеге асыратын ерекше жағдайдағы қызмет болып табылады. Лаңкестік әрекет әлеуметтік және саяси іс-әрекеттің қару болып келді және болады. Лаңкестік – бұл күш қолдану арқылы адамдарды қорқыту. Күш қолдану немесе күш қолдану қауіпі болмаса, онда психологиялық террор да жоқ. Күш қолданудың әр түрлісі болады: тәндік жою, саяси, әлеуметтік, экономикалық, ақпараттық және тағы басқа.

Лаңкестік күрестің спецификалық құралы ретінде өзіне әрқашан біркелкі емес көзқарас туғызады. Әлсіздердің қаруы бола отырып терроризм белгілі-бір қолдаушыларға ие болып отыр. Сондықтан террористердің қатары көбеюде. Қазір заманда дүние жүзінде терроризм адам кейпінен айрылған құбыжық деп есптеледі. Бұл арнайы әлеуметтік тұрғыдан зерттейтін ерекше психологияны туғызады.

Террористердің сөздерін талдаған кезде, террор бұлар үшін тек жұмыс немесе мамандық емес. Террор олар үшін өмір сүру әдісі болып табылады. Террористік қызметті кәдімгі бандитизммен салыстыруға болмайды. Бірақ терроризм қызметінде бандитизм элементтері бар, сондықтан да терроризм күрделі құбылыс.

Лаңкестік ұйымның өмір сүруі – тек тәртіпке байланысты. Бұл тәртіп әскердегі тәртіп емес, террористік тәртіп ұйымның барлық мүшелері мен басшыларының мақсатқа жету үшін тәртіпке бағынуы.

Террорды Б.Савинков пікірінше: «Егер террористік ұйымда тәртіп әлсіздеу болса, онда ол ұйымның болашағы жоқ» [1]. Осыған байланысты атақты исламдық террористік «Хамас» қозғалысының шәкірттеріне мынаны үйретеді: «Күрестің мақсатына жету жаудың үрейленуі және қарсы күш көрсетуге деген қабілетін жоюға байланысты. Ол «АЛЛА» атымен қорқыту үшін жақсы ойластырылған және толық түрде тәртіп керек. Ақция бірінен-бірі жасалуы тиіс. Жауға бір минутқа болса да тыныштық бермеу керек. Осы “АЛЛА” жасақтары үшін толық мағынасы бар өмір болып табылады».

Жоғарыда айтылғандарға сәйкес, лаңкестік ұйымның және әр террористің өмірі қозғалыста болады. Лаңкестік акт аяқталғаннан кейін ол келесі терактының объектісін іздей бастайды. Яғни бұл өмірдің тұрақты формасы және жүйелі қызметі болып табылады.

Әр түрлі қызметтің немесе іс-әрекеттің өзінің психологиялық құрылымы болады.

Іс-әрекет құрылымына себеп жатады. Себеп – бұл қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін бағытталған қызмет. Себептің екі функциясы бар: 1) қозғаушы функция - бұл іс-әрекет жасауға қозғайды; 2) мағыналық функция - бұл іс-әрекетке ерекше тұлғалық мағына беретін әрекет. Қызмет мақсатқа жеткізетін іс-әрекеттен тұрады. Ал іс-әрекет жеке операциялардан тұрады. Сөйтіп терроризмнің ниеті кез-келген әдіспен адамдарды қорқыту болып табылады. Бөтен адамның қорқынышы террористің іс-әрекетіне мағына береді. Осы объективті мақсатқа жету үшін террорист әр түрлі әрекет етеді.

Террорист үшін идеялық-риторикалық компоненті маңызды орынға ие. Террористің қылмыскерден айырмашылығы террорист қылмысты бір идея үшін жасайды. Террорист өз қылмысын ақтау үшін белгілі бір сылтауға сүйенеді. Ол өз қылмысын ақтауға тырысады.

Лаңкестік іс-әрекеттің тұлғалық компонентін талдау өте қиын. Террористің өздерінің субъективтік көзқарас бойынша идея арқылы олар индивидуалдық тұлғалық қатарланудан құтылуды көп айтады.

Террористердің ниеттерін мына төменгі түрлерге бөлдік:

Меркантильді ниет, яғни пайдакүнемдік ниетке, террорлық әрекетке баруы.

Идеологиялық ниет. Бұл бір идея үшін (саяси, діни, әлеуметтік және т. б.)

Дүние құрылысын өзгерту ниет. Бұл әділетті орнату немесе қоғамның жеткіліксіздігін өзгертуіне байланысты лаңкестік әрекетке баруы.

Адамға өзінің билігін жүргізу немесе орнату.

Өлген жолдастары үшін кек қайтару.

Террорист тұлғасын зерттеуші С.К.Рощин террористерді үш психологиялық модельге бөліп қарастырған:

Бірінші модель: Психопат — Фанат. Бұл сана өрісі доктриналармен қысылған және эмоционалдық өрісі өзіне бағынған адам. Сондықтан мұндай адам кез-келген әрекетті жасауға дайын тұрады. Саяси тілде бұл фанатик болса, ол психологиялық тілде психикасы әлсіз тұлға деп аталады.

Екінші адам: Фрустрацияланған адам. Бихевиористикалық теория бойынша фрустрация сезімі белгілі-бір мақсатқа жете алмағандықтан, ол адамда агрессивтік іс-әрекетке деген тенденция күшейе түседі. Бұл жағдайда сана іс-әрекеттерді жетілдірудің құралы рөлін ойнайды, яғни оларды ақтау үшін түрлі себептерді тандайды. Егер аталған концепцияны адамның агрессивтік құлқын түсіндірудің жалғыз және жалпылама әдісі ретінде абсолюттендірілмесе, онда кей жағдайда адамның лаңкестік актіге бейімділігін түсіну үшін қолданылады. Бір жағынан бұл да дұрыс.

Үшінші модель: Отбасының кемістігі, яғни ата-аналардың өз балаларын ұрып соғуы, оның әлеуметтік изоляциялануы, баланың өмірге деген сенімсіздігін, ыза болуы мен антиәлеуметтік қылықтар көрсетуге бағыттайды. Белгілі - бір жағдайда мұндай адамдар террористік ұйымдардың құралы болуы мүмкін.

С.Н.Еникополов террористерге психологиялық мінездеме берудің қажеті жоқ дейді. Оның ойынша террористерді 2 типке бөлу керек дейді: Өзіне сенімді жоғары интеллектісі бар, өзін-өзі жоғары бағалайтын террористер. Өмірде жолы болмайтын, өзін төмен бағалайтын адам, сонымен екі типке де жоғары агрессивтілік, әрдайым өзінің ішкі «менін» қорғайтын, тек қана өзін ойлайтын тұлға [2].

Көп террористерге өзінің ішкі проблемасын сырттан іздеу тән. Террористік акт жасауға деген шешім бірнеше кешенді шешімдерден тұрады. Олар лаңкестік актінің орны, уақыты, объектісі, мақсаты, тәсілдері және т.б. Бұл жерде террористер түрлі вариантты мінез-құлықтың тиімдісін тандайды. Осындай таңдау тұлғаның қасиетіне, яғни оның тұлғалық бағыттылығына, тәжірибесіне, дүниеге деген көзқарасына, ішкі құлықтық жүйесіне байланысты.

Қылмыскерлер мен террористі салыстырғанда террористер лаңкестік актіні кәдімгі адамдар жасай алмайды дейді, керісінше лаңкестік актіні тек террористер және олардың жолдастары ғана жасауға қабілеті бар және құқығы бар дейді.

Жалпы түрде террористердің негізгі тұлғалық қасиеттері туралы едәуір белгілі. Әдетте бұл қасиеттер лаңкестік ұйымның барлық мүшелеріне бірдей талап қояды. Сонымен лаңкестік ұйымда болу үшін (террорист болу үшін) мынадай базалық негізгі талаптар қойылады:

Өз ісіне және ұйымына берілгендік;

Өзін идея немесе ұйым үшін құрбан болуға дайындық;

Өзін-өзі ұстауы, тәртіптілік;

Құпиялық (Конспиративность);

Бағынушылық;

Коллективизм.

Террорист тұлғасы — бұл тұрақты тоқтамайтын психологиялық қозғалыс.

Террористің логикасы басқа адамға қарағанда әдеттен тыс болады. Біріншіден, логикадан гөрі эмоция оның өмірінде көп орын алады. Екіншіден, онда моноидеялық логика, яғни оның ойының бәрі бір террорлық әрекетке бағытталған немесе күш көрсетуге бағытталған. Үшіншіден, бұрмаланған логика. Террористердің логикасы мен ойының орнына цитата немесе максимамен ауыстырылуы мүмкін. Заңдылық бойынша террористің логикасы діни адамның логикасы. Ол бір дінге немесе идеяға сеніп өзінің ерекше туылғандығына сенеді. Оған бұл үшін рационалды дәлелдер немесе күрделі формальді — логикалық конструкциялар керек емес. Ол жай сенеді. Мұндай логикаға қарсы сөз айту немесе қарсы тұру мүмкін емес. Мына факт террористердің логикасының бұрмалануын көрсетеді. Олар диалог режимінде жұмыс істей алмайды. Террористер тек ұйымды ғана тыңдайды, яғни авторитеті бар адамдарды тыңдайды. Бұл террористердің логикасының авторитарлығын білдіреді.

Террорист өз пікірінше кез-келген адамды үш топқа бөледі:

Жолдасы ретінде;

Құрбаны ретінде;

Жауы ретінде (антитеррорлық органның мүшелері және т.б.)

Террорист бостандыққа жету үшін тек террор, күш көрсету арқылы жетуге болады дейді. Осы террорлық логиканың парадоксы болып табылады. Террористердің логикасы кей жағдайда нақты емес, яғни символды болуы мүмкін. Көбінесе террористердің логикасы олардың жалпы мәдени деңгейіне байланысты [3].

Террористе моральдық мәселелер тек белгілі-бір интеллектуалдық деңгейі бар болғанда ғана пайда болуы мүмкін. Ал интеллектісі бір шама дамыған террористер, әр уақытта ішінен өздерінің әрекеттерінің дұрыстығына күмән келтіруі мүмкін.

Яғни, Террорист тұлғаларды 4 типке бөлеміз. Олар:

Холерик;

Флегматик;

Сангвинник;

Мелонхолик.

Бірінші тип “холерик” - И.П.Павловтың нейрофизиологиялық түсіндіруінде, бұл күшті, бірақ тұрақсыз, өзін-өзі ұстай алмайтын, эмоциясы мен сезімі, идеясы кернеген, тез жанып, тез өшетін тип. Г.Ю.Айзенк бойынша бұл невротик-экстраверт, яғни халықты жақсы көріп тұратын, бірақ бұл жақсы көрушілігін жеке террор үшін құрбан етеді. Әдетте мұндай жағдай шын мәнінде психопатия мен истерияның басым белгісін көрсетеді.

Екінші тип «Флегматик» - И.П.Павловтың түсіндіруінде бұл күшті, орнықты өзін-өзі ұстай білетін, салмақты, кей жағдайда инертті тип. Г.Ю.Айзенк ойы бойынша эмоционалды орнықты, интроверт. Ол психопатия мен истерияға жақын емес. Террорда ол тек қана топ емес, ұйымның немесе топтың эмоционалды тірегі.

Үшінші тип “Сангвинник” - И.П.Павловтың пікірі бойынша бұл күшті, өзін-өзі ұстай білетін, ширақты. Оның нерв жүйесі тепе-тең және тұрақтылық, ептілікпен ерекшеленіп, бұл адам кез-келген жағдайға бейімделген. Г.Ю.Айзенк бойынша бұл эмоционалды орнықты және экстравертті тип. Оның шешімдері көбінесе өмірлік тәжірибеге сүйене негізделеді.

Төртінші тип “Мелонхолик” - И.П.Павлов бойынша бұл өте әлсіз тип. Ол енжар, тежелген адам. Г.Ю.Айзенк бойынша бұл невротик-интроверт.

Г.Ю.Айзенктің ойы бойынша қылмысқа бейімділік жеке тұлғаның темпераментімен тығыз байланыса отырып, оның тұқымқуалаушылығына қатысты болады. Бірақ басқа авторлар былай дейді: Адам қандай бір темпераменттік қасиеттерге ие болғанымен, егер ол криминогендік ортада тұрған болса, онда ол орта оны қылмыскерге айналдырады. Органың әсері әбден мүмкін. Жалпы талдап қарайтын болсақ, террористердің арасында көбінесе күшті невротик типтер көбірек кездеседі.

Лаңкестік жаңа ғасырдың жазылмайтын «індетіне» айналды. Бұл бір мемлекетке, бір ұлтқа, бір дінге қатысты нәрсе емес. Лаңкестіктің ұлты да, діні де жоқ. Ол - бүкіл адамзатқа төнген қауіп. Сондықтан ешбір мемлекет өз азаматтарының күндердің күнінде террористердің кепіліне айналмасына кепілдік бере алмайды. Дегенмен, осы айтылғандарды ескере келе, Қазақстан президенті Н.Назарбаев өзінің «Сындарлы он жыл» деген еңбегінде терроризмге қарсы күресте дүниежүзінің бірігуін ұсына отырып Қазақстандағы жағдайды былай деп көрсетеді: "Қазірге дейін экстремизм мен терроризм анық-қанық көрініс табуына орай келтіртпей отырған себеп-Қазақстандағы тұрақтылықтың тегеуріні, мұның өзі бүгінгі мәртебені сақтап қалудың өзіндік қалқаны болып отыр. Демек, қазақстандық көп реңкті конфессионализм мен ұлтаралық келісім ақуалы да діни лаңкестік мен сепаратизммен қанат жаюына белгілі дәрежеде тосқауыл болуда».

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Савинков Б. Воспамяние террориста. (Избранное. М., 1990. 154 бет)
- 2 Психологи о терроризме. Психологический журнал. Т.16, 1995. 44-45 беттер.
- 3 Ольшанский Д.В. Психология террора. М., 2002. 182 бет.
- 4.Р.Т.Завотпаев. Терроризм әліппесі. Қарағанды. 2006.
- 5.Л.В.Брятова. Терроризм и религия. Москва. 2005

УДК 331.101.3:347.965

АДВОКАТТАРДЫҢ КӘСІБИ ӘДЕБІНІҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сейділдаева Ботакөз Амірханқызы

alia_akerke@mail.ru

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің 3 курс студенті,

Қызылорда, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.К. Муйденнова

Қазақстан Республикасы Конституциясында [1] кепілдік берілген адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, заңның бұзылуын болдырмауға және құқық тәртібін нығайтуға жәрдемдесу адвокаттың кәсіптік міндеті мен биік адами борышы болып табылады. Осыған байланысты, адвокаттық кәсіп қолданыстағы заңнама талаптарын дәл және сөзсіз орындауды, адвокаттың мінез-құлықтық әдептік нормаларын бұзбауды, өзіне заң көмегі үшін жүгінген адамды заңда көзделген барлық құралдармен және әдістермен қорғауды талап етеді. Жеке және заңды тұлғаларға білікті заң көмегін алудағы олардың, конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету адвокаттардың кәсіби қызметінің ірге тасын қалайды.

Адвокат заң көмегін көрсету кезінде мынадай кәсіби тәртіптерді сақтауға тиіс:

1) көп күш-жігер не уақыт жұмсауды талап ететін қажетті әрекеттер жасаудан жасқанбай ыждағаттылық пен құлшыныс білдіру, бұл осы қызметті ешбір асығыстық жасамай және жеңіл-желпі қарамай, яғни тапсырылған істі адал, мұқият және білімдардықпен орындап, кеткен уақытпен санаспай атқару керектігін көрсетеді;

2) заң мәселелерін қарап жатқан органдар мен лауазымды адамдарға қатысты өзін әдепті ұстау, яғни оның сөйлеген сөзі, кепілдемесі, өтініші және басқа да іс-әрекеті мемлекеттік органдардың беделіне нұқсан келтірмейтіндей дәрежеде болуға тиіс;

3) өз кәсіби мінез-құлқын көмек сұрап өтініш жасаған адамның құқықтары мен заңды мүдделеріне сәйкес қалыптастыра және тежей отырып, істі негізсіз сөзбұйдаға салуға, заң көмегін көрсетудің заңсыз әдістеріне, алдауға жол бермеуге, егер жүгінушінің талабы заңға қайшы болса немесе ол өз мүдделерін қорғау үшін заңға томпақ құралдар мен әдістерді қолдануды талап етсе, адвокат оған заң көмегін көрсетудің бас тартуға міндетті [2, 235б.].